



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

**Оқу-әдістемелік  
кеңес туралы  
ЕРЕЖЕ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ


2 нұсқа:  
31.08.2022


ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1 б.

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі мақсаттары, міндеттері мен құзыреттері	2
3	Кеңес қызметін ұйымдастыру	4
4	Қорытынды ережелер	5



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқа: 31.08.2022
	<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2 б.

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы Оқу-әдістемелік кеңес туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі- Университет) оқу-әдістемелік кеңесінің негізгі міндеттерін, функцияларын, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңымен;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен бекітілген әдістемелік (оқу - әдістемелік, ғылыми - әдістемелік) кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен бекітілген;
- ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысымен бекітілген.

1.3 Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – Кеңес) - қызметі өз құзыретіне кіретін мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделген университетті басқарудың алқалы органдарының бірі.


## **2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ**

2.1 Кеңес қызметінің мақсаттары:

- Білім беру үдерісін табысты іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау;
- Университетте білім беру үдерісін іске асыру сапасын арттыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;
- Университет ПОҚ деңгейінің сапалы өсуі мәселелерін шешу.

2.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

1) білім беру ұйымдарында оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқа: 31.08.2022
	ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 б.

2) университетте шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдар мен басқа да материалдарды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру және басып шығаруға ұсыныс жасау;

3) оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;

4) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жинақтау және тарату;

5) педагогикалық және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу процесінің мазмұнын талдау;

6) сапа менеджменті жүйесін дамыту және оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша ұсынымдар дайындау;

7) университетте әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;

8) университетте оқытудың жаңа технологияларын, әдістерін, құралдарын енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

9) университеттің ресурстық орталығының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;

10) педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

11) білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

12) білім беру қызметкерлерін аттестаттауға қатысу.

2.3 Негізгі міндеттерге сәйкес Кеңестің құзыретіне мыналар жатады:

1) университетте оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

2) білім беру ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық құжаттардың жобаларын жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау және енгізу;

3) ресурстық орталықтың жұмыс жоспарларын қарау және келісу;

4) жекелеген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын, білім алушылардың білімін бақылау нысандарын талқылау және мақұлдау;

5) оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдар мен басқа да материалдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде әзірлеуді ұйымдастыру;


6) білім берудің, ғылымның және өнердің басым бағыттарын болжау негізінде білім беру бағдарламаларының тізбесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талқылау;

7) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;

8) элективті пәндер каталогтарын қарау және бекіту;

9) пререквизиттер мен постреквизиттерді бекіту;



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқа: 31.08.2022
	<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 б.

10) факультеттердің оқу-әдістемелік комиссиялары қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;

11) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

### **3 КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1 Кеңес құрамы университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Кеңес құрамына университет проректорлары, қызметі оқу процесін ұйымдастырумен және қамтамасыз етумен байланысты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері, факультеттердің оқу-әдістемелік комиссияларының (ОӘК) мүшелері (декандар, кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмысқа жауапты кафедра меңгерушілері) кіреді.

3.3 Кеңес қызметіне басшылықты оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор атынан кеңес төрағасы жүзеге асырады.

3.4 Кеңес төрағасының орынбасары академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы болып табылады. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін орынбасары атқарады.

3.5 Хатшы Кеңес мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады және Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапты болады.

3.6 Кеңестің дербес құрамы бір жыл мерзімге сайланады. Қажет болған жағдайда жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін.

3.7 Кеңестің жұмысы кеңес отырысында қабылданған және университет ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.


3.8 Кеңес отырысы екі айда кемінде 1 рет өткізіледі.

3.9 Кеңес отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен кеңестің ұсынымдары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Отырыс хаттамалары мен Кеңес шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.10 Кеңес отырыстары, егер оларға кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Кеңес мүшесі дәлелді себеппен отырысқа қатысу мүмкіндігінің болмауы туралы төрағаны алдын ала хабардар етуге тиіс.

3.11 Кеңестің әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуы, оның жұмысына белсенді қатысуы, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дәл орындауы тиіс.

3.12 Кеңес төрағасы Кеңестің жұмысын ұйымдастырады, Кеңес отырыстарының күн тәртібін бекітеді, Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқа: 31.08.2022
	<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 б.

3.13 Кеңес төрағасы жылына бір рет университеттің Ғылыми кеңесі алдында қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

3.14 Кеңес хатшысы отырыстарды дайындауды және өткізуді ұйымдастырады, отырыстардың хаттамалары мен Кеңестің құжаттарын сақтауды қамтамасыз етеді.

3.15 Отырысқа келген Кеңес мүшелерінің әрқайсысы өз деректерін (тегі мен аты-жөнін) кеңес хатшысы дайындаған келу парағына қоюға тиіс.

#### **4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

4.2 Университет бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады.